



"Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 147 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 16 сәуірде № 3140 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 309 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 16.06.2016 № 309 қаулысымен.

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 7) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 410 Жарлығына сәйкес Алматы облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Басқарма басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарда, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Серік Мелісұлы Тұрдалиевке жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жариаланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

A. Баталов

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы "20" наурыздағы № 147 қаулысымен
бекітілген

"Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Алматы облысы аумағында дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
 2. Басқарманың ведомстволары жоқ.
 3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
 4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
 5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
 6. Басқармаға егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
 7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
 8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
 9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 040000, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі, № 222.
 10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі.
 11. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.
 12. Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.
 13. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.
- Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, күкілтари мен міндеттері

14. Басқарманың миссиясы: дene шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз ету.

15. Міндеттері:

1) дene шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру;

2) ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;

3) әлеуметтік және білім беру функцияларын, сондай-ақ ерікті қызмет қағидатына негізделген олардың құрылымының ерекшелігін ескере отырып, спорттың барлық түрлерін дамытуға жәрдемдесу.

16. Функциялары:

- 1) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалатын орындарда спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылым жасауға ұсыныстар енгізеді;
- 2) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері , оның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлері, бұқаралық спорт бойынша, сондай-ақ ардагер спортшылар арасында облыстық спорт жарыстарын өткізеді;
- 3) спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларды даярлауды және олардың респубикалық және халықаралық спорттық жарыстарда өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;
- 4) облыс аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді;
- 5) облыс аумағында дene шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;
- 6) білім беру ұйымдарының спорт ғимараттарын сабактан тыс және кешкі уақытта халық үшін спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спорттық іс-шаралар өткізу мақсатында пайдалану жөнінде шаралар қолданады;
- 7) спортшыларға: Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1 -разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді;
- 8) мынадай біліктілік санаттарын береді: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі;
- 9) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірынғай өнірлік

күнтізбесін бекітеді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді;

10) облыс аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізууді үйлестіреді;

11) облыс аумағында дene шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде дene шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

12) жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асырады;

13) спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар үшін спорт түрлері бойынша білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырады;

14) спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттардың үлгілік оқу жоспарларын келіседі;

15) аккредиттелген өнірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекітеді;

16) ресми дene шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

17) дene шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіреді;

18) спорт мектептеріне, спорт мектебінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе береді;

19) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық өзіндік ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келіседі;

20) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;

2) оперативті басқару құқығымен қарасты мүліктерді пайдалануды жүзеге асыру;

3) Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік мекемелерді және кәсіпорындарды құру, қайта құру және тарату бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

4) әртүрлі спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін спортшыларды ұстau бойынша заңнамада

белгіленген тәртіппен облыс әкімдігіне ұсыныстар өзірлеу және енгізу;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен спорттық шаралары бойынша мемлекеттік сатып алушы үйымдастыру және өткізу;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен спорттық шараларын өткізу бойынша жұмыстарды сатып алу шартын жасау және оның орындалуын бақылау;

7) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін үйымдастыру.

18. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. Басқарманың бірінші басшысын облыс әкімі қызметке тағайындаиды және қызметтен босатады.

20. Басқарманың бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.

21. Басқарманың бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Басқарма қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыretі шегінде айқындаиды;

2) Басқарма қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындаиды және босатады;

3) Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің және кәсіпорындардың директорларын қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындаиды және босатады;

4) Басқарма қызметкерлерін, Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің және кәсіпорындардың директорларын заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;

5) өз құзыretі шегінде бұйрықтар шығарады;

6) мемлекеттік органдар мен басқа да үйымдарда өз құзыretі шегінде Басқарманың мүддесін білдіреді;

7) Басқармадағы сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. Басқармада заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Басқарма мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

1) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Жетісу" командасының кәсіпқой футбол клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

2) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Жетісу" кәсіпқой волейбол клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

3) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Іле" кәсіпқой гандбол клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

4) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Капшагай" кәсіпқой баскетбол клубы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;

5) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Бесарыс" кәсіпқой көгалдағы хоккей клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

6) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

7) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Ұлттық спорт түрлерінен кәсіпқой клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

8) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің "Олимп" кәсіпқой регби клубы" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны;

9) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Облыстық "Талдықорған" ипподромы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

10) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Жетісу" орталық стадионы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

11) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Өркен" спорт кешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

12) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Жастар" Спорт сарайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

13) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Текелі қаласының олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Алматы облысының қызық спорт түрлерінен мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорту мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Талғар қаласындағы Андрей Кивилев атындағы велоспорт бойынша олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "№1 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Алматы облысының Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің жекпе-жек түрлері бойынша мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

18) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

19) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Облыстық футболдан мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорту мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Алматы облысының Олипиадалық резервтер дайындау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Талдықорған қаласындағы спортта дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

22) "Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Талдықорған қаласының Андрей Кивилев атындағы облыстық велоспорттан олимпиадалық резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК